

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізу күндері: 2022 жылғы 10-16 қараша

Респонденттердің саны: 12

(AERC, Halyk Finance, Jusan Invest, NAC Analytica, Азия даму банкі, АКРА, Еуразиялық даму банкі, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттер болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2021 (факт)	2022	2023	2024
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	71,1	100,0 (100,0)	87,5 (85,0)	78,5 (75,6)
ЖІӨ %, ж/ж	4,1	3,0 (3,0)	3,8 (3,8)	4,0 (4,0)
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	8,4	19,0 (18,5)	11,2 (11,0)	8,0 (8,0)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	9,2	13,9 (13,9)	12,4 (12,4)	9,5 (9,8)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	66,2	84,5 (83,3)	87,2 (86,2)	88,0 (88,0)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	47,3	53,4 (52,5)	54,1 (55,4)	57,0 (57,0)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	426,0	463,1 (462,7)	490,1 (494,7)	505,1 (501,6)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* Жылдық %		9,0 (8,5)		
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі** %, ж/ж		3,7 (3,5)		

МҰНАЙ БАҒАСЫ. 2022 жылға арналған мұнай бағасы бойынша болжамдардың медианалық мәні баррель үшін **100** АҚШ доллары деңгейінде өзгеріссіз қалды. 2023 және 2024 жылдарға күтулер қазан айындағы пікіртерім нәтижелерімен салыстырғанда сәл көтерілді – тиісінше баррель үшін 85 АҚШ долларынан **87,5** АҚШ долларына дейін және 75,6 АҚШ долларынан **78,5** АҚШ долларына дейін.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының өсуі бойынша респонденттердің күтулері ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап өзгеріссіз қалуда – 2022 жылы **3%**, 2023 жылы **3,8%** және 2024 жылы **4%**. Ағымдағы жылға арналған болжамдар 2,5%-дан 4%-ға дейінгі аралықта. 2023 және 2024 жылдары сарапшылар экономикалық өсудің қалпына келуін күтуде.

* Ақша-кредит саясаты ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсаттар мен ЖІӨ-дегі әлеуетті деңгейде қолдайтын базалық мөлшерлеме деңгейі

** 5 жыл шегінде күтілетін әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқыны

ТБИ. Респонденттердің инфляция бойынша болжамдары 2022 жылға 18,5%-дан **19%**-ға дейін және 2023 жылға 11%-дан **11,2%**-ға дейін өсу жағына өзгерді. 2024 жылға арналған болжам **8,0%** деңгейінде өзгеріссіз қалады. Инфляция динамикасы бойынша күтулер сақталуда – 2023 жылы айтарлықтай төмендеу және 2024 жылы бірқалыпты төмендеу.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. 2022 жылға базалық мөлшерлеме бойынша медианалық болжам респонденттердің базалық мөлшерлеменің одан әрі көтерілуін күтетінін көрсете отырып, бір жылда орта есеппен **13,9%** деңгейінде сақталды. 2023 жылға арналған болжам **12,4%** деңгейінде өзгеріссіз қалды, 2024 жылға – 9,8%-дан **9,5%**-ға дейін аздап төмендеді. Базалық мөлшерлеме ағымдағы 16% деңгейінде сақталған жағдайда 2022 жылғы орташа мөлшерлеме 13,8% деңгейінде қалыптасады. Осылайша, респонденттерде базалық мөлшерлеме бойынша алдағы шешімнен «сұңқар» күтулер байқалуда.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттер 2022 жылға арналған тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдарды 83,3-тен **84,5** млрд АҚШ долларына дейін, 2023 жылға – 86,2-ден **87,2** млрд АҚШ долларына дейін жақсартты. 2024 жылға арналған болжам **88** млрд АҚШ доллары деңгейінде сақталды.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Респонденттердің 2022 және 2023 жж.-ға арналған тауарлар мен қызметтер импортының көлемі бойынша болжамдары қайта қаралды. Осылайша, 2022 жылы импорт көлемі **53,4** млрд АҚШ долл. (қазан айында – 52,5 млрд АҚШ долл.), 2023 жылы – **54,1** млрд АҚШ долл. (55,4 млрд АҚШ долл.) деңгейіне күтілуде. 2024 жылға арналған болжам **57** млрд АҚШ долл. деңгейінде сақталды.

USD/KZT БАҒАМЫ. Алдыңғы болжаммен салыстырғанда респонденттер 2022 жылы теңгенің айырбас бағамының жылға орташа есеппен АҚШ доллары үшін 462,7 теңгеден **463,1** теңгеге дейін біршама әлсіреуін күтуде. 2023 жылға арналған болжам АҚШ доллары үшін 494,7 теңгеден **490,1** теңгеге дейін жақсарды. 2024 жылға арналған медианалық күту теңгенің айырбас бағамының АҚШ доллары үшін 501,6 теңгеден **505,1** теңгеге дейін әлсіреуі жағына қарай қайта қаралды.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсаттар мен ЖІӨ-дегі әлеуетті деңгейде қолдайтын базалық мөлшерлемені респонденттермен 0,5 п.т.-қа көтеріліп, **9%**-деңгейінде бағалануда.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСУІ. Сарапшылар әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын 5 жылдық шегінде алдыңғы 3,5% болжамдарға қарсы **3,7%** деңгейінде күтеді.

Жалпы алғанда, респонденттердің макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша алдағы екі жылға арналған **болжамдарының ауқымы** ішкі және әлемдік нарықтардағы ахуалды дамыту перспективаларына қатысты нарық қатысушыларының белгісіздігінің жоғары деңгейін айғақтай отырып, кеңейтілген күйінде қалып отыр.